ИМАН... Осы төрт әріптің ішінде қанша мағына жатыр десеңізші! Халқымыз тәрбиелі, көргенді, инабатты, жүзі жылы адамды иманжүзді екен деп жатады. Сондай-ақ, өмірден өтіп кеткен адамға иманды болсын, өліге иман, тіріге береке берсін деген сөздерді жиі естиміз. Олай болса, иман деген не?! Иман тек өлген адамдарға қажет нәрсе ме?! Иманның тірі адамның өміріндегі мәнісі қандай?.. Иман – араб тілінен аударғанда «сенім» деген мағынаны білдіреді. Иманды болу Құранда «**әәмәнә**» деген етістікпен беріледі. Қысқаша айтқанда, иманды адам екі дүниеде қауіпсіздікте болады. Бұл дүниеде тіршіліктің сергелдеңі мен уайымынан, мәңгі өмірде күйзелтуші мәңгі азаптан аман болады. Шарияттағы мағынасында иман: соңғы пайғамбар Мұхаммед саллә Аллаһу ғалейһи уә сәлләәмнің әкелген барлық нәрсесін (Құран, хадистер, құлшылықтар, өмірлер мен тыйымдар) мойындап, қабылдау, жүзеге асыру. Абайша айтсақ: «**Әрбір ақылы бар адамға иман парыз, әрбір иманы бар адамға ғибадат (құлшылық) парыз**».

Ардақты пайғамбарымыз өз хадисінде: «**Иманның жетпістен артық бұтақтары бар: ең жоғарғысы - Лә иләһә илләллаһ, ең төменгісі - жолдағы кедергіні алып тастау**», - дейді.

Басқа діндегі адам Ислам дінін қабылдап болса, **Лә иләһә иллә Аллаһ, Мұхаммәдүр расулуллаһ**, яғни, **Алладан басқа құлшылыққа лайық құдай жоқ, Мұхаммәд Аллаһның елшісі** деп айту керек. Осы сөзді куәлар алдында айтқан адам мұсылман болады. Бұл сөзді шын жүректен түсініп айтқан адам өмірде қателесіп, күнәлар жасаған болса, ахиретте күнәларына сай тозаққа жазаланған соң шығарылып, жаннатқа кіреді. Иманы жоқ адам тозаққа мәңгі қалады!

Олай болса бұл сөз біздің мәңгі бақытқа қол жеткізуіміздің кілті екен ғой! Бірақ, өкінішке орай, мұсылманбыз деп кеуде соққанымызбен, көпшілігіміз осы сөздің өзін біле қоймаймыз. Кейбіріміз айта білгенімізбен, мағынасын түсіне бермейміз. Түсінген күнде де тіршілікте соған сай амал етуге асыға қоймайтынымыз тағы бар... Көбіне көпшілік халық мешітке түсіне өмірден өткен жақындары кірсе немесе жақын біреуі қайтыс болса ғана барады. Соларға Құран оқытып қайтқан соң, мойнынан барлық парыздары түскендей кетіп бара жатады. Сол оқылып жатқан Құранда не айтылып жатыр, біздерге не бұйырылып жатқанына бас қатырып жатпаймыз. Өкінішке орай, өз парыздарымызды үйрену мен орындауға келгенде, белсенділігіміз бәсеңсіп қалып жататыны рас. Кейінгі кезде той алдында да мешітке барып неке қию үрдіске айналып келе жатыр. Әрине, жастардың мешітке барғаны қуантады. Дегенмен, некенің ең алғаш шарты мұсылман болу, ал мұсылмандықтың ең алғаш шарты кәлиманы білу екенін білмей, кәлиманы айта алмай қиналып, терлеп-тепшіп өздері айтып жатады. Кім кінәлі?.. Ата-ана дейін

десеңіз, олар өздері білмеген соң қайдан үйретсін. Ұйқыдағы адамның екінші ұйқыдағыны оята алмасы хақ қой...

Ал сол мешітте, Алланың үйінде ақ некесін қидырған жастар мен олардың ағайын-туыстары мешіттен шыға салып, Алланың арам еткен ішімдіктеріне толы дастархан жайылған тойға кетіп бара жатуы біздердің иманнан қалай алшақтап бара жатқанымызды білдіргендей... Мешітке киіп келген киімдері туралы әңгіме өз алдына бір тақырып... Алла бізді мешітте ғана емес, барлық жерде көріп, бақылап тұрғанын, Қияметте әр ісіміз бен сөзімізге есеп беретінімізді ұмытқанымыз иманымыздың мүлдем өлсіреп, жоғалуға шақ қалғандығынан хабар береді. Дүниеде қаншама адамдар иманға келмеген соң, жалған дүниенің алдамшы мақсаттарын қуып, құнды өмірін құнсыз нәрселермен өткізіп жүр. **Олардың жағдайлары нектен аянышты?! Шынайы иманға келген адамдар ғана өмірдің мәнісін түсініп, не үшін жаратылғанын біліп, Жаратушысына құлшылық ету арқылы жаратылғандарға құл болудан азат етілуде...** Осылайша имандылар ғана барлық жұмыр бастылардың басқа жақтан іздеп таппай жүрген бақытына қол жеткізуде. Бұл дәлелденген ақиқат! Аллаһ Тағала бізді не үшін жаратқанын Құранда былай хабарлайды:

«**Жындар мен адамдарды тек қана Өзіме құлшылық қылулары үшін жараттым**» (Зәрият сүресі, 56-аят). Құлшылық қартайғанда қылынатын қарекет емес. Жастық шақта бойда күш буырықанып тұрғанда сол күшті күнәға жұмсамай тежеп, жақсы амалдарды атқаруға жұмсау. Шариятта балиғат жасы

деген түсінік бар. Яғни, 12-15 жас аралығы. Міне, осы жастан бастап екі жақтағы періште адамның әр әрекеті мен сөзін жаза бастайды. Құлшылықтар да осы жастан бастап парыз аян. Адам мәңгі өмір үшін жаралған. Біреулер бұл дүниеде қиындыққа шыдап, мәңгі өмірдің рахатына беленсе, енді біреулер алдамшы да өткініші өмірдің қызықтарына қызығып, мәңгі жаннаттан құр қалып, азапқа сай болады.

Кәлиманы айту жұмысқа орналасатын адамның басшыға жазатын өтінішіне ұқсайды. Өтінішіне бастық қол қойып, жұмысқа қабылданған адам үйде жатпай өз міндетін орындауы тиіс болғаны сияқты кәлиманы айтқан адам мұсылмандар қатарына қосылған соң, оның мойнына жүктелетін міндеттер бар. Мысалы, бес уақыт намаз оқу, ораза ұстау, т.б. Ол амалдар туралы келесіде толығырақ айтатын боламыз.

Иманды болуға, бақытты болуға асығайық, ағайын!

Еліңді тап деп жатамыз ес барда, Ақылсыз бен дарақыға дес бар ма?! Нағыз бақыт иманда екен, Исламда, Иманға кел, кейін тастап кеш қалма.

«**Лә иләһә иллә Аллаһ, Мұхаммәдүр расулуллаһ - Алладан басқа тәңір жоқ, Мұхаммәд Аллаһның елшісі**» деп айтып, мұсылмандар қатарынан табылып, құлшылықтарды (намаз, ораза, білім алу, жақсылық жасау, т.б.) құлшынып атқаруға қамданайық!

Құмар Қоныскерей,
Нұра аудандық мешітінің бас имамы



Туады ерлер ел үшін

Ардақты ағамызға арналған тойдың шашбауын көтеріп, өз үлестерін шашу ретінде тарту еткен нұрлы Нұра азаматтары Г.Прокоп, С.Қоңырбаев, Ы.Татыбаев, С.Нығметов, К.Отарбаев, Н.Сүлейменов осы тамаша іс-шараның күегері және қадірлі қонақтары болды. Нұра ауданының атынан тігілген киіз үйлер ерекше көз тартып, көпшіліктің көңілінен шыққаны сөзсіз. Ағылған тойшы қауым нұралықтардың ақ ниетіне қуана өз тілектерін жеткізді. Солардың бірі - Тоқтар ағамыздың жақын туысы Гүлсім Нығметқызы. «Бәрімізді ақ дастарханға жинаған Тоқтар ағамыз дүние жүзінің ең

сінші орынға не болды. Нұра дегенде кеудем қуанышқа толып, жүрегімде мақтаныш сезім пайда болады», - деді өз сөзінде.

Әрбір адамның өзіне тән ғұмыр жолы, тіршілік баяны бар, бірақ еткен еңбек, алған асу, жеткен биік әркімнің өмірінде әр қилы. Оны сырт көз өздерінше бағалап та жатады. Сондағы жалпының іздейтіні біреу: ол - кісілік келбет, азаматтық тұлға. Осы қасиеттер жастайынан ігері басып, алға ұмтылған Тоқтар ағамыздың бойына тән.

1965 жылы әуе қорғанысына қарсы ұшқыштар даярлайтын Армавир жоғары әскери авиация училищесіне түсу үшін де үлкен тәуекел керек еді. Осы училищені 1969 жылы бітірген соң, СССР әскери-қарулы күштерінде қызмет етуге бел байлайды.

Училищені бітірген соң Қиыр Шығыста, Амурдағы Комсомольск қаласында әскери қызметін жалғастырады. Өзін сынақшы-ұшқыштар мектебіне ауыстыруды өтініп, қайта-қайта сұранады. Өтініші қанағаттандырылғаннан кейін Кеңес Одағының белгілі ұшқышы атағына жетіп, талай асуларды бағындырды. Тоқтар Әубәкіров Қара Теңіз дауылы ышқынып тұрған шақта, дыбыстан жылдам ұшатын ұшақты кеме үстіне қондырып, ғаламат ерлік жасады. Тоқтарға крейсердің қамзолдың етегіндей қып-қысқа көлемінен МИГ-29 ұшағын алып еткізіп көкке көтеру міндет болды.

Жаңа әдістің ерекшелігі сол - ұшақ құдды трамплиннен түскендей төмен лықсып келіп, дүр етіп ұша жөнелгенде, тез көтеріліп кетуі керек еді. Барлық мәселені қас қағым сәттер ғана шешеді. Авиация тарихында бірінші рет мұндай әдіспен ұшуды жүзеге асырғаны үшін Тоқтардың бұл ерлігі Гиннестің рекордтар кітабына енгізілді. 1988 жылы Кеңес Одағында тұңғыш рет әуеде ұшаққа 2 рет жанармай құйдыру арқылы солтүстік полюске ұшу сапарын ерлікпен орындады.

Т.Әубәкіровтің ғарышқа ұшу кезеңі қазақтың Азаттық туралы арманының орындалуға бет бұрған уақытпен тұспа-тұс келді. 1991 жылдың 2-10 қазан аралығында қазақстандық бағдарлама бойынша ғарышқа жол тартты. 7 тәулік ғарыш кеңістігінде болған Тоқтар Әубәкіров тұңғыш қазақ ғарышкері атанды.

Ал, Қаз дауысты Қазыбек Би елінде өткен торқалы тойда Тоқтар ағамыз нұралықтардың киіз үйлеріне беттеген ретте А.Шахарбаев бастаған ауданымыздың белгілі әншілері арнайы өнімен қарсы алып, батыр ағаларының батасын алды. Тойға жиналған жұрт атақты жерлестерінің етегіне жармасып, сәлем беріп, мез болып жатты. Біреуі немересінің тұсауын кестіріп, екіншісі еншісіне ақ бата тілеуде. Қол созып ұмтылған бауырларына балаша қуанған алып ағамыз кең құшағына барлығын сыйғызған сияқты.

Демек, Батыр ағамыз той алаңына аяқ басқан сәтте, биік шындар төбесіне жармаса жерге жақындаған қара бұлт ыдырап, аспан шайдай ашылады. О, құдірет, сол уақытта ағамыздың құрметіне тігілген киіз үйлердің үстінде қалқыған қыранды көрдік. Ол қасиетті Тоқтар ағамыздың қыраны, елі үшін туған Ердің қыраны деп жақсылыққа жорыдық.

С.Сатыбадин

Чемпион из с.Щербаковское

25-27 июля 2016 года в городе Караганде, в спорткомплексе «Жастар», проходила XXX-ая областная сельская спартакиада «Сары-Арқа-2016» по казах күресі по 8-ми весовым категориям, где участие принимала команда Нуринского района среди 9-ти сельских регионов.



По итогам соревнований борец весовой категории-60 кг.- Абдрахманов Александр из села Щербаковское стал чемпионом области, который провел 3 схватки и в финале победил мастера спорта РК, борца из Жанаркинского района, был награжден грамотой и золотой медалью областным управлением физической культуры и спорта Карагандинской области.

Отдел физической культуры и спорта Нуринского района, а также ДЮСШ поздравляют чемпиона области и тренера, преподавателя Исина Бекета, желают им крепкого спортивного здоровья и творческих успехов в труде.

С. Усенбеков,
главный специалист отдела
физической культуры и спорта

Юбилей

Репортаж из мира детства

16 июля 2016 года в селе Жараспай было не так спокойно, как обычно. Тишину сельчан нарушили скрип колес и сигналы автомобилей разных марок, музыка 80-х годов, доносившаяся из тойханы и сельского клуба, детский гадеж, гвалт и смех. Именно в этот субботний день мы, выпускники Жа-

рараспайской сельской школы 1996 года, представители так называемого поколения Х, то есть рожденных в период с 1963 по 1984 годы, приехали отметить в родном селе 20 лет со дня окончания школы.

Выбор родного села в качестве места встречи нами даже не обсуждался. Где еще встречаться, как не в родном селе, в доме детства?!

Но как отметить юбилейную дату необычно и с пользой – этот вопрос горячо и бурно решали в течение нескольких недель.

Активом нашего класса было решено в честь 20-

летия окончания школы провести турнир по футболу. Наш выпуск, помнится, был самым спортивным во время обучения в школе. Футбол, баскетбол, тогыз-кумаак, лыжи, кросс - мы активно участвовали во всех школьных кружках. И было решено показать следующим поколениям пример

Жараспай. Ведь не каждый день бывает так жарко. Этот турнир был не просто футбольным матчем, для нас и для всех жителей села Жараспай это был праздник, торжество спорта, мира и здоровья.

И тем июльским вечером не без великодушной помощи руководителя ТОО «Жараспай» Конурбаева Селихана Оспанбаевича у нас была возможность посидеть с учителями в тойхане села Жараспай, за чашкой чая предавшись ностальгии по школьным временам. Вечер прошел в стиле «А помните?». И это был незабываемый вечер для нас, для выпускников школы. В это неспокойное время, полное бесконечных житейских хлопот, мы, приехавшие в родное село из разных областей и городов нашей большой Родины, смогли окунуться в мир детства, забыв о том, что у нас самих уже подрастают дети, представители нового поколения Z.

И мы надеемся, будучи «серебряными» выпускниками Жараспайской средней школы, через 5 лет мы снова шумно, с гвалтом и смехом приедем в родной гостеприимный Жараспай, чтобы вновь пройти по тихим школьным коридорам и окунуться в мир неповторимых, незабываемых детских лет.

Вместо послесловия

Мы, поколение X, которые пошли в школу в 1986 году в тогда еще в Советском Союзе, а закончили в 1996 году в Независимой Республике Казахстан.

Мы, носившие пионерский галстук и дававшие клятву Ленину под «Взвейтесь кострами, синие ночи!».

Мы, не учившиеся в 4-м классе, а перешедшие сразу в 5-й.

Мы придерживаемся здорового образа жизни и не приветствуем фастфуды.

Мы ценим и уважаем своих учителей. И всем другим поколениям говорим: «Не забывайте родные места, приезжайте, отмечайте праздники, радуйтесь встрече с земляками, вспоминайте, любите свою Родину. И, несмотря ни на что, встречайтесь в родном селе, каким бы малочисленным ни было ваше село, какими неудобствами вам не грозила бы с ваших теперь уже «городских» позиций эта встреча.

Как любил повторять герой «Брата - 2»: «Это все мое родное, это Родина моя, всех люблю на свете я!».

Аягыз Жаманбаева
с. Жараспай



«Ұлы Дала Елі,
Сарыарқадан
– Ғарышқа»
стеласы.
Қарқаралы.

белгілі ұшқыштарының бірі. Батыр атағымен ғарышқа ұшқан ұлы тұлға, 27 жылда 50 жаңа самолет түрлерін сынақтардан өткізген. Америка Құрама Штаттарының әуе әскери күштерінің мұражайында ағамыздың есімі дүние жүзінің үшінші сынаушы ұшқышы ретінде белгіленген. Ол үлкен тұлға, сол кісіні құрметтеп, алыстан келген Нұра азаматтарына ризашылығымыз ерекше, ал осындай ұйымшыл жұртын ала келген аудан әкімі Н.Омархановқа алғысымыз шексіз».

Ақ ниет тілегін жерлесіміз Қажыбеков Ермек Мәжитұлы да білдіріп: «Той баршаңызға құтты болсын! Жерлестеріме рахмет айтамын. Осындай ең көркем, әдемі киіз үй құрып, тойға қатысқанына қуанамын. Той ат жарыссыз бомайды, жаңа ғана жерлесіміз Т.Сатанов баптаған құнан бірінші орынға, аламан бөйгіде бе-



поддержания здорового образа жизни.

И вот на корте Жараспайской средней школы в этот день сформировались 6 команд, причем разного возраста: от 15 до 35 лет. Приехала даже команда молодых ребят из села Щербаковское. Все было серьезно, как и в школьные годы. Ребята всех команд были настроены на победу. Целых три часа проходили соревнования. Судьи, учителя физкультуры Идрисов Г.С. и Есмаганбетов К.А., вели счет. После жаркой битвы прозвучал финальный свисток: первое место получила команда села Жараспай.

Посмотреть турнир собралась вся молодежь села

Жараспайской сельской школы 1996 года, представители так называемого поколения Х, то есть рожденных в период с 1963 по 1984 годы, приехали отметить в родном селе 20 лет со дня окончания школы.



Балалықтың бал мекені – ауылым

Кертінді ауылы мектебінің 1971 жылғы тұлелері Тәуелсіздігіміздің 25 жылдық мерейтойы қарсаңында ауылаға жиналып, кездесу кешін ұйымдастырдық.

«Елу жылда - ел жаңа» делінеді халық даналығында. Біздің де мектепті аяқтап, үкен өмірге аяқ басқанымызға жарты ғасырдың шамасы болыпты. Ал, көңілдің жастығы сол қалпында...

Мектеп бітірген жылдан бері әр бес жыл артық сайын құрдастар арасында кездесу біз үшін дәстүрге айналған. Өмір болған соң бұрғалаңсыз болмайды емес пе?.. Кездесу кештеріне баршамыз жиналмасақ та, басым бөлігі жиналып, балалық шағымызды еске алып, бір жасарып қалатынымыз бар. Міне, биыл да сол дәстүрді жалғастырып, тайқұлындай тебісіп бірге өскен, балалық шағымыздың ұмытылмас тәтті елесі әр тасында, әр сайында, әр терегінде, әр көшесінде сайрап тұрған мекен Кертінді ауылында өтті. Қазір ауылдан қалаға қашқан заман ғой. Туған жердің топырағынан құдіретті мекен қайдан табылсын.

Біз кездесуімізді ресторан, тойхана емес, қазақы алты қанатты ақ үйде, дөңгелек үстелді айнала, жастықты жастана жамбастап жатып, әңгіменің думанын қыздыра атап өттік. Келісе келе, кездесуімізді былайша атап өту таңдалды. Кешегі ақ бантик, қызыл галстук тағынған бойжеткен мен бозбала бүгінде бір-бір үйдің ата-әжесіміз. Біздер үшін бұл кездесудің орны қашанда ерекше және оны өзіміздің ыңғайымызға қарай шешкенімізге де қуандық. Бұл жерде тойханалатып та атап өтуге болар еді, онда күнделікті атап жүрген тойлардай еш ерекшеліксіз өте шығар еді.

Осы кездесуді ұйымдастырып, басы-қасында жүрген құрдастарымыз Абдырахманов Ғалым, Оразбаева Злиха, Мұқатаева Зейнегүлдердің еңбегі зор. Оны кездесу барысында достарымыз да ерекше і-типатпен атап өтіп, риясыз алғыс білдірумен болды.

Біздерді мектеп таныстырды, табыстырды. Бір үйдің баласындай болдық. Өткен, жүйрік уақыттың бүгінгі сәттерін бізбен бірге бөлісе алмай кеткен достарымызды сағына еске аламыз. Ортамызда ойсырап орындары толмай тұрды. Әр кездесу сайын қатарымыздың сиреп келе жатқаны, әрине, жанымызға батады. Алланың қалауына бағынбасқа шара жоқ. Жан достарымызға деген сағыншымыз ешқашан толастап және санамыздан жарқын бейнелері өшуі мүмкін емес. Жан достарымыз: Әубәкіров Секіжан, Шәктаев Жамал, Түсіпов Елеу-кен, Әскеев Мұхамедия, Әміров Нұриден, Кисиков Әсербай марқұмдардың жатқан жерлері жайлы, топырақтары торқа болғай деп, дұға бағыштау ғана келеді қолымыздан.

Биылғы кездесуіміздің тағы бір ерекшелігі - 45 жыл бойы бір-бірімізбен хабар үзіліп қалған Кеңгірбаева Бикеш құрбымыздың арамыздан табылғаны. Өмір өзгертпей қоя ма? 18 жастағы бұрымды қызды араға 45 жыл салып көруді елестете беріңіздер. Әрқайсымыз «Сен Бикешсің бе?», «Жанарың сол қалпында, әп-әдемі тананың көзіндей», «Көз жанарыңнан таныдым» деп жатырмыз.

Достарымыздың басым көпшілігі зейнеткерлік

десуімізбен егіздің сыңарындай тең жүретін әңгіме ғой. Дегенмен, кешегі күнгі әңгімеміз балаларымыз емес, Алланың берген керемет сыйы немерелеріміздің қылықтары мен істерін әңгімемізге арқау етіп, жарыса, бір-бірімізбен тай-таласа ортаға салғанымыздың өзі бір-бір қара шаңырақтың иесі екенімізді танытты. Өмір кешегі мектеп бітіріп, арман қуған, жүректері алып ұшқан уыздай жас жеткіншектердің ел ағасы болғанын көрсетті. Уақыт өзінің құдіреттілігін мойындатты.



жаста. Мектеп қабырғасында алған білімдерін жоғарғы оқу орындарында жалғастырып, еліміздің өркендеу жолында абыройлы еңбек еткен. Мұғалім, құрылысшы, дәрігер, экономист, спортшы, механизатор, т.б. мамандықтарын таңдаған. Мақтана айтуыма болады, бәрі де өз саласы бойынша еңбектерінің жемісін көріп, бетке ұстар алдыңғы қатарлы маман иесі атанған. Бұл ұстаздарымыз Абдрахманов Болат пен Жолдасбекова Зүбайраның бойымызға тәрбиелей отырып сіңірген білімінің нәтижесі екенін әлі күнге мойындаймыз. «Тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың хас жауы», - деген екен Әл-Фараби. Сол кездегі тәртіптің күштілігі ме? Әлде сананың тазалығы ма екен? Ұстаздың айта қаны Заң болып көрінетін бізге. Ұстазымыз жүретін көшени айналып өтуге тырысатынбыз. Қазір еске алсақ, сол қылығымыздың өзі ұстазымызға деген зор құрметті танытып тұр екен-ау. Сол қатаал тәртіптен біз кем болмадық.

Бұған дейінгі кездесулерімізде әңгімеміз жұмыс бабы мен өткен шақтағы қызықты сәттерді еске ала отырып өрбитін еді. Мектеп қабырғасында өткен қызықты күндермен қатар жүретін естеліктер кез-

Р.С. Сыныптастарымыздан Малибаев Дуқат, Аринова Айшкен, Мұқатаева Зейнегүл, Базылов Балғалардың шаңырағы туған ауылда. Бұл жолы Зейнегүл мен өмірлік қосағы Қордабайдың шаңырағында алты қанатты ақ үй құрылды. Ал, Злиха құрбымыз Айшкен мен жолдасы Оралдың шаңырағында тойланған 40 жылдық мерейтойда 45 жылдыққа аман жетсем, бір қойды өзім әкелем деген болатын. Сол уәде орындалды. Қойын жетектеп Злиха келді.

Қазақы кеңдікке салып, 45 жылдық мерейтойға жиналған сыныптастарын Балға досымыз келесі күні үйіне шақырып, ет асып, алдымызға бас тартты. Мерейімізді арттырды.

Балалық шақтың ұмытылмас ізі қалған, балалығымыздың бал мекені Кертінді бізді 50 жылдық мерейтойда да осы құрамда қарсы алғайсың деп тарастық.

Әбеуова Бақыт
зейнеткер ұстаз,
1971 жылғы мектеп түлегі, Тассуат-
Кертінді-
Тассуат

К 25-летию Независимости Республики Казахстан



Районный турнир

31 июля 2016 года в селе Жараспай прошел районный турнир, посвященный 25-летию Независимости Республики Казахстан по мини-футболу.

В соревнованиях участие приняли 7 команд из сел Нуринаского района: Жараспай, п. Киевка, Кертінді, Шербаковское, Пржеваль-

По итогам соревнований призовые места определились следующим образом:

- 1 место - с.Пржевальское
- 2 место - с.Жараспай
- 3 место - п.Киевка

Игры проходили по круговой системе.

Лучшими игроками турнира стали:

- 1.Ниязбеков Адилхан, с.Пржевальское (лучший вратарь)
- 2.Толуев Азамат, с.Кызылжар (лучший защитник)

- 3.Казкен Султан, п. Киевка (лучший нападающий)
- 4.Мукешев Ануар, с. Донской (лучший нападающий)

Все занявшие призовые места были награждены кубками, медалями



ское, Куланотпес, п. Киевка (ДЮСШ) и 1 команда Акмолинской области (с.Кызылжар).

Спортивные мероприятия проведены в соответствии с регламентом программы.

Цели и задачи соревнований:

- утверждение принципов здорового образа жизни средствами физической культуры и спорта среди населения;
- популяризация и развитие национальных и народных видов спорта;
- активизация спортивно - массовой, физкультурно-оздоровительной работы в районе.

и денежными призами спонсором и организатором турнира - директором КХ «Толуевков»: Е. Толуевковым.

В открытии и закрытии соревнований выступил аким села Б. Блялов.

Ознакомление с планом и графиком прохождения соревнований провел тренер ДЮСШ п.Киевка Е. Смаилов.

С. Усенбеков,
главный специалист отдела
физической культуры и спорта



Лучший двор села

Конкурс

Как я свой двор родной

люблю!

Здесь отдыхаю, здесь скорблю.
Живёт тут рядышком скворец,
Пернатый друг мой и певец!
Он прилетает ко мне в сад,
Поёт, а значит, он мне рад.

любовью к природе. Как приятно было пройти дворы пенсионеров!

По итогам конкурса лучшими по всем критериям стали дворы Трапезникова Л., Бектембековой А., Буркутбаевой К., Сурмило Л., Костюковой Н., Штоберт Л.,



Я тоже рада, мы друзья – Скворец и вся его семья.

Красота моего двора - это огромный труд и усердие, фантазия и, конечно, стремление к красивой жизни. Вот и в нашем селе провели конкурс среди пенсионеров на «лучший двор». И, несмотря на преклонные годы, наши пенсионеры трудятся для того, чтобы наше село сияло чистотой и

Инкарбековой М., Алиякпарова З. Это только начало! Надеюсь, что, равняясь на вышеперечисленных односельчан, другие жители села будут также содержать в чистоте и порядке свой двор и улицу.

Г. Дурдина,
председатель первичной
организации с. Байтуган

Мектеп тынысы**Жазғы демалыс күндері қызықты өтуде**

Киевка №2 жалпы орта білім беретін қазақ мектебі жанындағы «Арай» лагерінде балалардың жаз мезгілінде уақыттарын тиімді пайдалану, балалармен әртүрлі бағыттағы мәдени-көпшілік іс-шараларды ұйымдастыру мақсатында түрлі тақырыптарда іс-шаралар ұйымдастырылды.

Балалардың еркін тынығуы үшін барлық жағдай жасалған. Мұнда балалар тегін тамақтанады, демалады, арнайы ойын бөлмесі оқушылардың қызығушылығына сай безендірілген.

Елордамыз Астана күніне арнайы өткізілген іс-шара барысында тәрбиешілер Рашидова Д.Р., Есжанова Қ.Ж. және Қарағанды қаласының гуманитарлық колледж студенті Мажитова А.А. оқушыларға Астана қаласының символы, Астананы ауыстыру туралы ҚР Президентінің жарлығы, оның мәртебесі туралы ҚР Заңы, Астана қаласының қазіргі келбетімен, жетістіктерімен таныстырды. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Шулембаев Қ.К. көңілді спорттық іс-шаралар өткізді.

Аталған күні «Ару қала, Астана!» тақырыбында сурет байқауы өтті. Бұл сурет байқауында балалар өздерінің шеберліктерін танытып, Астана қаласындағы ескерткіш орындарын, әсем ғимараттарды суреттеді. Үздік суреттер салған оқушылар мектеп әкімшілігі атынан мадақтау қағаздарымен марапатталды.

Жазғы демалыс күндері оқушылар мешітке барып, аудан иманымен кездесу өткізді. Кездесу барысында аудан мешітінің бас имамы Хумар Қоныскерей өмірге, білімге, өнерге құштар жастардың алдында имандылықты, адамгершілікті пайым-

дап, жақсылық пен жамандықтың, тәртіп пен тәртіпсіздік туралы ақыл сөздер айтып, дін жолында адаспауды ескертті. Сонымен қатар, қазіргі уақыттағы түрлі діни ағымдардың пайда болғаны туралы айтылып, оқушылардың қойылған сұрақтарына жауап берілді.



Жаз мезгіліне тән ерекшелік – кез келген төтенше жағдайдың орын алуы. Ал, балалар үшін, әсіресе, жаз мезгілі тек қана қызықты ойындарға толы демалыс кезеңі болып қана қоймай, кей жағдайларда орны толмас өкінішке ұрындырып жататыны баршамызға аян. Ойламаған жерден төтенше жағдай орын алғанда, балалар жасайтын іс-әрекеттер тәртібін жете білмегендіктен және тәжірибесі жоқтығынан

өзін-өзі қорғай алмай жатады. Сондықтан да аға ұрпақтың міндеті – адам өміріндегі ең қызықты шақ – балалық шақтың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, кез келген төтенше жағдайлар кезінде сауатты іс-әрекеттер тәртібі туралы білімді жеткізу. Балаларға өртпен ойнаудың қауіптілігін

39 бөлімінің қызметкерлері осындай кездесулердің бала өміріндегі тәрбие жолында пайдасы туралы түсіндірді.

Аудандық мұражайға серуен ұйымдастыру арқылы оқушылар Нұра ауданы мен Киевка кентінің құрылуы, мемлекеттің Тәуелсіздік алғаннан бері негізгі заңдары туралы көптеген мәліметтер алды. Аудандық мұражайдағы «Археология және этнография» залында Қазақ хандығы мен мемлекеттің құрылуы туралы, республика, облыс, аудан экономикасының дамуына орасан үлес қосқан тұлғалар жайлы материалдармен танысты.

Шілденің 18-ші жұлдызында «Арай» жазғы демалыс лагерінің салтанатты жабылуы болды. «Достық» тақырыбында тәрбие сағаты өткізіліп, балалар табиғат аясына шықты.

Балалық шақтың ұмытылмас естеліктері – осындай жазғы лагерьлермен де байланысты. Сондықтан балалар үшін қызыққа толы демалыстың маңызы зор. Екіншіден, жеткіншіктер жазғы уақытты дұрыс пайдаланып, ортаға бейімделуді үйренеді.

Балаларға осындай қуаныш сыйлаған мектеп әкімшілігі мен лагерь жетекшілеріне, дене шынықтыру мұғалімдеріне, аспазшыларға, мектеп медбикесіне ата-аналар да өз алғыстарын білдірді. «Арай» жазғы демалыс лагері өз жұмысын тамыз айының соңына дейін жалғастырады.

Мектеп жанындағы сауықтыру лагерінде балаларды әлі талай қызықтар күтуде. Демалыстарың көңілді өтсін, балғындар!

Д.Рашидова
Киевка №2 ЖОББМ тәлімгері

Лето - 2016**Пришкольный лагерь – чудо...**

Лето — это «мостик» между завершающимся учебным годом и предстоящим. Его с нетерпением ждут и дети, и взрослые. Для первых это время игр, развлечений, свободы в выборе занятий. Снимается накопившееся за год напряжение, восполняются израсходованные силы,

Так, в пришкольном лагере «Гулдер», расположенном в КГУ «ОШ им. А. Асылбекова», открылся третий сезон лагеря - с 22 июля по 11 августа. Жизнь лагеря подчинена определенному распорядку. Каждый день обязательно организуются мероприятия, благодаря которым ребята по-



восстанавливается здоровье. А для мам и пап — это радость общения, возможность для творческого развития их детей. Перед большинством родителей встает вопрос о том, каким образом организовать летний отдых детей. Дома их, конечно, не посадишь. Отвезти к бабушке с дедушкой? Не всегда такая возможность есть. И как же общение со сверстниками? На сегодняшний день наиболее удобный, дешёвый и для многих единственный выход из положения — это летний пришкольный лагерь дневного пребывания детей, где ребёнок не отрывается от семьи, находится под присмотром учителей, своевременно накормлен, занят интересными делами. А вечером и в выходные дни ребёнок дома, в кругу семьи. Родители спокойно отправляют детей в лагерь ещё и потому, что воспитатели им знакомы. Это работники школы, в которой учатся их дети.

знают окружающий мир. В солнечные дни проходят спортивные мероприятия на улице, конкурсы рисунков на асфальте, викторины, изготовление поделок из бумаги, конкурсы на смекалку. Если погода не позволяет, то соревнования проводятся в спортзале или дети смотрят мультики.

Да, летняя пора в жизни детей — это период накопления новых сил, здоровья, новых знаний, не стеснённых школьной программой. Поэтому воспитатели лагеря продумывают программу действий, совместной деятельности, которая поможет детям самореализоваться. И каждый день летом для ребят может и должен стать калейдоскопом увлекательных дел и интересных открытий

А. Вишневецкая
вожатая третьего сезона
пришкольного лагеря
КГУ «ОШ им. А. Асылбекова»

Мектеп тынысы**«Күншуақ» жазғы сауықтыру лагері**

Жазғы демалыс - мектеп оқушылары, әсіресе, бастауыш сынып бұлдіршіндері үшін ерекше қуанышты, көптен күткен сәт. Бала жаны үшін осы сәтті көңілді де тиімді өткізетін орын - жазғы лагерь.

К.Мыңбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде жазғы «Күншуақ» сауықтыру лагері жұмыс жасады. Бұл

церттік бағдарлама, «Астана - балалар көзімен...» атты сурет көрмесі ұйымдастырылды. Екінші маусымның соңына қарай лагерь тәрбиеленушілері аудандық тарихи - өлкетану мұражайына барып қайтты. Балалар тарихи, этнографиялық жәдігерлермен танысып, ой-өріс, танымдарын кеңейтті.



екінші кезең 27 маусым мен 18 шілде аралығын қамтыды.

Лагерьдің мақсаты - оқушылардың бос уақыттарын тиімді әрі сапалы өткізуді ұйымдастыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту және сауықтырудың қамтамасыз ете отырып, бір-бірімен қарым-қатынастарын жақсарту, ынтымақтастық атмосферасын құру. Осы мақсаттағы іс-шаралар спорттық сауықтыру, экология, талғам-таным мәдениеті, еңбек және әлеуметтік, ұйымдастыру бағыттарында жоспарланды. Жоспарға сай түрлі спорттық ойындар, сайыстар «Көңілді саяхатшылар», «Дарабоз», «Ұлттық ойын - халық мұрасы», «Көңілді старттар» ұйымдастырылып, өткізілді.

Оқушылардың өмірі мен қауіпсіздігін сақтау мақсатында «Су - сенің досың және дұшпаның», «Жолда жүру қауіпсіздігі» тақырыптарына танымдық сабақтар, сұхбаттар жүргізілді.

Астана күні мерекесіне орай «Туған күніңмен, Астана!» атты мерекелік кон-

Әр өткізілген іс-шараға балалар қызыға, белсене қатысып, жақсы көңіл-күйде болып, лагерьдің жұмысын одан әрі қыздыра түсті.

Лагерьдің жұмыс күні таңғы жаттығулармен басталып түрлі ойындар, ребустар, тренингтер, сауалнамалар, флеш-моб билеумен жалғасып отырды.

Мектеп медбикелері Қ.Б.Ашимова мен Т.В.Алексеев күнделікті лагерьге келген демалушылардың денсаулықтарын тексеріп, сұхбаттар жүргізді. Сондай-ақ, балалар мектеп аспазы Г.К. Тулеуованың қолынан шыққан күнделікті ыстық тағамдар мен дәруменге толы өзге де ас мәзірімен тамақтанды.

18 шілде күні «Жазды неге жақсы көреміз?!» атты «Күншуақ» лагерінің жабылу салтанаты өтті. Лагерьдің екінші маусымы қорытындыланып, оқушылар мақтау қағаздарымен марапатталды.

Г.А. Тулеуова
К.Мыңбаев атындағы ЖОББМ

Жаңа туған нәрестені төспен тамақтандыру

Сәбидің тіршіліктегі ең алғаш татар нәрі – анасының сүті. Ғалымдардың соңғы зерттеулері осы бір ана сүтінің маңызын күн сайын арттыра түсуде. Жас нәресте туа сала ерніне тиген нәрсеге дереу ауыз салып, еме бастайды. Тіпті, туылғанына жарты сағат өтпей жатып, оның еміп кетуі таңғаларлық. Ему кезінде баланың бүкіл ағзалары жұмыс істейді. Бастағы қан айналымы жақсарып, жақ сүйектері мен ауыз, ерін бұлшық еттері тез жетіледі. Оған ең алдымен уыз берілуі де ғажап. Өйткені, уыз құрамы сәбидің әл жинауына, тез ширауына қажетті витаминдерге өте бай. Бір қызығы, бала өскен сайын ана сүті құрамындағы қоректік заттар да қоса өзгеріп отырады.

Мамандардың айтуынша, сүт қоспаларында кездеспейтін 400 түрлі қоректік зат ана сүтінде ғана кездеседі. Мысалы, сиыр сүтіне қарағанда, емшек сүтінде балаға ең керекті А, Е, Д дәрімендері көп. Ана сүтінің құрамына мыналар кіреді: ақуыз, май, түрлі дәрумендер, гормондар, темір, көмірсутектер, климатқа қарамастан үнемі жеткілікті су, минералды тұздар, кальций, фосфат, өмірге керекті микроэлементтер (селен, мыс, мырыш, молибден, магний, марганец), сүттің негізгі ингредиенттерін ыдырататын липаза, лактаза секілді т.б. арнайы ферменттер, патогенді бактерияларды жоятын, ішектің қалыпты микрофлорасын дамытатын әрі өсіретін бифидус заттары, ауру тудыратын микрофлораларды көбейтпейтін әрі керекті темірді сүттен бала қанына тасымалдайтын лактоферрин ақуызы, ми ұлпалары мен көз жасушаларының түзілуінде аса керекті тау-

рин заттары; өсу үстіндегі ағзаның ұлпалары мен жасушаларындағы май метаболизмін жандандыратын карнитин заттары, бактерияларды өлтіретін қандағы тірі жасушалар (нейтрофил, моноцит, лим-



фоциттер), көп тараған жұқпалы ауруларға қарсы иммуноглобулиндер және т.б. Ана сүті мынадай тиімділігімен ерекшеленеді: ол қашанда қасыңызда, ылғи да тұтынуға дайын, арнайы өзірлеуді қажет етпейді; бірнеше күн анасы емізбесе де, көкіректе не ашып, не бұзылып кетпейді; оны еш жерден сатып алмайсыз; ол тек сіздің балаңызға ғана арналған; ішек жұқпалы ауруларының алдын алады; респираторлы-жұқпалы аурулардың алдын алады; аллергиялық аурулардың алдын алады; баланың физикалық өсуін дамытады; баланың сана-

сезімін жетілдіреді; баланың жүйке-психикасын дамытады; баланың диабет және семіздік ауруына шалдығу қаупін төмендетеді.

Бала үшін ана сүтінің пайдасы шаш-өтек-тен. Баланы көкірегімен емізу ана денсаулығына да пайдалы. Ол сүт безінің қатерлі ісікке (рак) шалдықпау қаупін, жатырдың қатерлі ісікке шалдықпауын 2 есе төмендетеді.

Психологтардың айтуынша, емізу кезінде анасының бар жан-тәнімен сәбиді көкірегіне қысуы, айналуы, сөйлеуі, еміренуі, мейірленуі, маңдайынан иіскеуі, сылап-сипап, еркелетуі арқылы бала мен ана арасындағы ұзақ жылдарға жалғасатын өзара сүйіспеншілік, махаббат, қимастық сезімдері қалыптасады, баланың физикалық, әлеуметтік, психологиялық, рухани жан дүниесі толысады. Ал, сүт қоспаларымен қоректендіруде бұндай жылы сезімдердің болмасы анық. Ана сүтін емген балалар тез тіл табысқыш, адамға жұғымды болып өседі. Ал, ана сүтін ембей өскен балаларда жасөспірім шақта қатігездік, қылмысқа бейімдік көп байқалған. Емізу баланы да, ананы да жайлы сезімге бөлейді. Сәбидің тәтті ұйқыға кетуі сүт құрамындағы ақуыз арқылы жүзеге асады.

АНА СҮТІН ЕШБІР СҮТ ҚОСПАСЫ АЛМАСТЫРА АЛМАЙДЫ !!!

Ф.Е. Бейсенова
Нұра ауданының орталық аурухана
перзентханасының акушері

Казахстан - 2050

Лучшие социальные проекты, реализуемые в Казахстане

В Республике Казахстан стартовала республиканская выставка «Лучшие социальные проекты, реализуемые в Казахстане».

Организатором мероприятий на республиканском уровне является министерство здравоохранения и социального развития Республики Казахстан, на региональном уровне – управление координации занятости и социальных программ акиматов областей и районов.

Для координации организационной деятельности на районном уровне отборочного тура местными исполнительными органами создана Комиссия по отбору лучших социальных проектов.

Мероприятия разработаны в целях оказания поддержки лицам с ограниченными возможностями, оказавшимся в трудной жизненной ситуации, общественным объединениям и улучшения качества жизни социально – уязвимых категорий населения, носит рекомендательный характер.

Задачи выставки: выявление молодых талантов, поддержка творческих идей людей с ограниченными возможностями, содействие их социальной адаптации, формирование социально- активной личности.

Мероприятия по проведению выставки пройдут в 2 этапа: 1 этап - отборочные туры пройдут сначала в районных центрах, затем в областных центрах, 2 этап – финальный тур состоится в г.Астане.

Участниками отборочных туров могут стать общественные объединения, организации инвалидов, иные учреждения и ведомства, физические лица и другие неправительственные организации, осуществляющие деятельность в рамках системы социальной защиты населения, независимо от источников финансирования.

Для отбора лучших социальных проектов Комиссия может определить следующие критерии:

1) социальная значимость проекта;

2) актуальность обоснования проекта;

3) охват населения, оказавшегося в трудной жизненной ситуации, разнородность оказания социальной поддержки, наличие позитивных результатов реализованных проектов;

4) качество оформления представленных документов, презентационных материалов;

5) реализация проектов в срок более 1 года;

6) отсутствие ограничения на возраст участников проектов;

7) составление презентационного материала проектов в виде слайдов, роликов с длительностью презентации (3-5 минут);

8) проекты, представленные на предыдущую республиканскую выставку, повторно не рассматриваются;

9) учитывать факты наличия вклада собственных средств в реализацию социального проекта.

